


«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 1-беті



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ-38-24

КАФЕДРА

- 1 Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімімен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлегендер - Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы
Ким И.С.
- 3 Келісілді - HR департаментінің директоры
Тұлғабаева З.Т.
- 4 Университеттің Ғылыми кеңесінің 27 11 2024 № 5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
- 5 Енгізілді 2024
- 6 Тексерілу мерзімі 2026

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2024

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Кафедра - бір немесе бірнеше ұқсас пәндері бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, жаңа білім беру технологиялары мен инновациялық жобаларды әзірлеу және ендіру, білім алушылар арасында тәрбие жұмыстарын, сонымен қатар ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мен қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын университеттің негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2 Кафедра ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен ғылыми және тәжірибелік жетістіктер негізінде білім алушыларды қалыптастыру, дамыту және кәсіби дайындау мақсатында оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлы және мақсатты түрде жүргізеді.

1.3 Өз жұмысында кафедра ҚР «Білім туралы», ҚР «Ғылым туралы» заңдарын, ҚР ҒЖЖБМ нормативті құқықтық актілерін, университет Жарғысын, осы ережені, ректор және проректорлардың бұйрықтарын, өкімдерін басшылыққа алады.

1.4 Кафедраны президент бұйрығымен қызметке қабылданып, одан босатылатын кафедра меңгерушісі басқарады.

1.5 Кафедра меңгерушісі жұмыста болмаған жағдайда кафедраны басқару құзыреті, президент бұйрығымен, кафедра мүшелерінің біріне жүктеледі.

1.6 Кафедраның барлық жұмыс нәтижесіне кафедра меңгерушісі жауап береді.

2. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Кафедра университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен ұйымдастырылады және жойылады.

2.2 Кафедраны ережеге сай ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және педагогикалық, басқарушылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар кафедра меңгерушісі басқарады.

2.3 Кафедраның штатына кафедра меңгерушісі, профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар және оқу-қосалқы персонал кіреді.

2.4 Кафедра өз қызметін оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және басқа жұмыс түрлерін қамтитын жылдық жоспарға сай жүзеге асырады.

2.5 Қызмет бағыттары бойынша мәселелерін талқылау, тиісті шешімдер қабылдау үшін айына бір реттен кем емес профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен кафедра мәжілісі өткізіледі. Кафедра мәжілісіне басқа ұйымдардың, жұмыс берушілер, факультет деканы, білім беру бағдарламасына қызығушылық танытқан тараптардың өкілдері шақырыла алады.

2.6 Кафедра, университеттің іс қағаздарын жүргізу туралы нұсқаулықтарына сәйкес, өз қызметінің құжаттамасын жүргізеді

3. КАФЕДРА ҚЫЗМЕТІ

3.1 Кафедра әрдайым білім беру сапасын жетілдіре отырып, барлық оқу түрлері бойынша сабақ жүргізеді және төмендегідей қызметтерді атқарады:

3.2 Кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және тәрбие жұмысын ұйымдастырады;

3.3 Кафедра білім беру бағдарламаларын лицензиялау және аккредиттеу бойынша материалдар дайындауды қамтамасыз етеді;

3.4 Кафедара өз құзыреті шеңберінде қызмет бағыттарына сәйкес келісім-шарттар жасайды, ғылыми зерттеулерді жүргізеді, қосымша білім беру және басқа қызмет түрлерін ұсыну бойынша құжаттарды әзірлеуде бастамашылық ете алады;

3.5 Сапалы мамандар даярлау, тұтынушылар талаптары мен сұраныстарын жүйелі талдау мен кері байланыс тетіктерін жетілдіреді;

3.6 Оқу орнына қабылдау жұмыстарын ұйымдастыруға, жеткізуге және мектеп түлектері мен жастар арасында тиісті шараларды атқаруға қатысады.

3.7 Белгіленген тәртіппен шетелдік жоғары оқу орындарының кафедраларымен оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде қарым-қатынаста болып, кафедраның іске асыратын білім беру бағдарламаларына сәйкес олармен ынтымақтастық орнатады.

3.8 Кафедра ай сайын қаржы департаментіне профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-қосалқы персоналдың жұмыс уақытының орындалғаны жайында мәлімет өткізіп отырады.

Оқу қызметі:

3.9 Жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 3-беті

- 3.10 Оқу сабақтарының барлық түрлерінің сапалы жүргізілуін қадағалайды, оқу-әдістемелік жұмыстарды, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын ендіреді;
- 3.11 Білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын сапалы дайындайды және қадағалайды.
- 3.12 Білім алушыларға реферат, курстық жұмыс, бітіруші біліктілік (дипломдық), магистрлік диссертация басқа да жұмыстар дайындауда басшылық жасайды;
- 3.13 Аралық аттестация жүргізеді, аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысады;
- 3.14 Консультациялар өткізеді;
- 3.15 ПОҚ пен студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын ұйымдастырады;
- Оқу-әдістемелік қызметі:**
- 3.16 Оқу-әдістемелік материалдарды, білім беру бағдарламасы мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жасақтайды және уақытылы жаңартады;
- 3.17 Кафедра пәндері бойынша кешенді әдістемелік қажеттілігін қамтамасыз етеді: оқулық, оқу құралын дайындайды, барлық білім беру түрлеріне арналған оқу-әдістемелік материалдарды жасайды, тиімді әдістер мен формаларды қолданатын басқа да ережелер мен құралдар, әдістемелік тәсілдердің рационалды үйлесімділігі, жаңашыл оқу технологиялары, зертханалар құрал-жабдықтардың тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.
- 3.18 Профессор-оқытушылар құрамының күшімен оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік материалдар шығаруды жоспарлап отырады, оларға сараптама жүргізеді.
- 3.19 Кафедраның жұмыс бағыты бойынша оқу жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне қатысты әдістемелік семинарлар ұйымдастырады, басқа ЖОО кафедраларымен байланыс орнатады және қарым қатынас жасайды;
- 3.20 Тиісті салаларда жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру іс-шараларына белсене ат салысып, кафедраның білім беру бағдарламалары бойынша педагогика мен ғылымның өзекті мәселелері жөнінде кадрларды жаңадан даярлау және олардың біліктілігін арттыру семинарларын белгіленген тәртіппен ұйымдастырады.
- 3.21 Білім алушылардың ағымдағы үлгеріміне бақылау жүргізеді;
- 3.22 Үздік профессор-оқытушылардың тәжірибесін зерттеп, қорытындылайды және таратады, жас оқытушылардың біліктілігін арттырады педагогикалық шеберлікті игеруге көмектеседі;
- 3.23 Білім алушылардың қабілетін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыс түрлеріне бағыт беріп, талдау жүргізеді.
- 3.24 Білім алушылардың кәсіби практикасына, курстық және дипломдық жобаларына(жұмыстарына), магистрлік диссертацияларына басшылық жасап, олардың әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады.
- Оқу-тәрбие қызметі:**
- 3.25 Ұжымда жоғары адамгершілік қарым қатынасты қалыптастырады;
- 3.26 Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды,
- 3.27 Кафедраның, факультеттің, университеттің қоғамдық жұмыстарына білім алушылардың белсене араласуын қамтамасыз етеді;
- 3.28 Тілімгерлік жұмысты ұйымдастырады.
- Ғылыми қызметі:**
- 3.29 Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылайды және олардың жариялануына жағдай жасай отырып, зерттеу нәтижелерін практикада қолдану жұмыстарына ат салысады.
- 3.30 Бекітілген жоспарға сәйкес білім алушылардың зерттеу жұмыстарына башылық жасайды және зерттеу нәтижелерін енгізеді;
- 3.31 Қорғауға ұсынылған магистрлік диссертацияларға ғылыми сараптама жүргізеді;
- 3.32 Басылымға дайындалған ғылыми мақалалардың, монографиялардың, ғылыми жобалар мен университет атынан шығарылатын басқа да ғылыми материалдарға сараптама жүргізеді;
- Халықаралық қызметі:**
- 3.33 Кафедра қызметкерлерінің халықаралық бағдарламаларға, жобаларға қатысуын жоспарлайды және ұйымдастырады;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 4-беті

3.34 Шетелдік әріптес университеттермен байланыстар орнатады, ішкі және сыртқы ұтқырлық бағдарламаларына білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының қатысуын қамтамасыз етеді.

Кадр саясатын іске асыру жөніндегі шаралар:

3.35 Кафедра штатын ғылыми атағы мен дәрежесі бар жетекші мамандармен қамтамасыз етеді;

3.36 Кадрларды іріктеу және қабылдау жұмысына қатысады

3.37 Профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік өсуі үшін қажетті жағдай жасайды;

3.38 Профессор-оқытушылар құрамын ғылыми және құрметті атақ алуға, марапаттауға ұсынады;

3.39 ПОҚ-ның біліктілік арттыруын ұйымдастырады.

Кәсіби бағдар беру қызметі:

3.40 Университетке талапкерлерді қабылдау жұмысына қатысады;

3.41 Кәсіби бағдар беру мақсатында мектеп бітірушілері арасында түрлі іс-шаралар жүргізеді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Кафедра құқылы:

4.1 Кафедра өзінің құқықтық шеңберіне сәйкес оқу және ғылыми жұмыстардың мәселелерін жеке шешуге;

4.2 Кафедра мүшелері кафедра жұмысының мазмұнына байланысты университет шешімдері мен жобаларымен және бұйрықтарымен танысуға;

4.3 Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

4.4 Белгіленген тәртіп негізінде халықаралық, республикалық ғылыми және оқу-әдістемелік конференцияларға қатысуға;

4.5 Жоғары басқару орындарына сайлауға және ұсыныс беруге;

4.6 Білім мен біліктілікті арттыруға.

5. МІНДЕТТЕРІ

Кафедра міндетті:

5.1 Университеттің сапа саласындағы саясатын, стратегиялық даму жоспарын, сапа мақсаттарын орындауға;

5.2 Кафедра жұмысын жоспарлауға және ұйымдастыруға;

5.3 Кафедраның жалпы педагогикалық жүктемесін жоспарлауға және есептеуге;

5.4 Кафедра ұжымының моральды-психологиялық жағдайын қажетті деңгейде ұстауға және нығайтуға;

5.5 Кафедраның қызметінің бағыттары бойынша даму стратегиясын жасауға, жұмыс берушілермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтуға және дамытуға;

5.6 Білім беру қызметі бағыттары бойынша нарық сұраныстарын зерделеуге;

5.7 Университеттің сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге және ендіруге, сонымен қоса оның нәтижелілігін ұдайы жақсартып отыруға;

5.8 Оқу үдерісін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық әдістер мен оқыту құралдарын айқындауға, оқытудың барлық түрлері бойынша барлық оқыту сабақтарының өткізілуін ұйымдастыруға;

5.9 Жоспарланған және ағымдағы қызметкерлердің оқу, ғылыми, әдістемелік мәселелерін талқылау бойынша кафедра мәжілісін өткізуге;

5.10 Кафедра пән кешендерінің сапалы әзірленуіне қадағалауға;

5.11 Кафедра жұмысының жоспары мен кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларының сапалы орындалуын бақылауға;

5.12 Кафедра қызметкерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асыруға, олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылауға ;

5.13 Оқыту сабақтарын өткізуде оқытудың қазіргі техникалық құралдарын таңдауды жүзеге асыруға, оны пайдалану мүмкіндігін жасауға;

5.14 Оқыту сабақтарының барлық түрлерін жүргізуге, курстық және дипломдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық етуге;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 5-беті

- 5.15 Білім алушылардың оқу-танысу, өндірісті, педагогикалық, диплом алды практикасын, ұйымдастыруға және басшылық жасауға;
- 5.16 Жекелеген пәндер бойынша студенттерге емтихандарды, сынақтарды, сондай-ақ аралық бақылауды өткізуге, олардың нәтижелеріне талдау жасауға, кафедра мәжілістерінде қарауға;
- 5.17 Ғылыми-зерттеу жұмысының өткізілуін ұйымдастыруға, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен олардың ғылыми нәтижелерін ғылымға енгізу мүмкіндіктерін қарастыруға. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді баспада жариялауды қамтамасыз етуге;
- 5.18 Оқулықтарға, оқу құралдарына, әдістемелік құралдарға қорытындылар дайындауды қамтамасыз етуге;
- 5.19 Оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың дайындалуын ұйымдастыруға;
- 5.20 Профессор-оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарларының сапасы мен орындалуына бақылауға;
- 5.21 Профессор-оқытушылар құрамы тәжірибесін зерттеуге, жинақтауға және таратуға;
- 5.22 Жұмысты жаңа бастаған оқытушыларға оқыту және әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетуге;
- 5.23 Ғылыми педагогикалық кадрларды дайындауға;
- 5.24 Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруды жоспарлауға;
- 5.25 Дайындық бағыттары бойынша және ЖОО аралық деңгейде оқу-әдістемелік комиссияларының жұмысына қатысуға;
- 5.26 Ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдарымен және басқа да ұйымдарымен байланыс орнатуға;
- 5.27 Факультет, жоғары оқу орнының халықаралық қызметіне қатысуға;
- 5.28 Кафедраның барлық құжаттарының және есептерінің дайындалуын және сақталуын қамтамасыз етуге;
- 5.29 Кафедра жұмысы қорытындысы бойынша есеп беруге;
- 5.30 Профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-қосалқы персоналдың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауын бақылауға;
- 5.31 Кафедра ұжымының корпоративтік мәдениетін тиісті деңгейде қолдау және нығайтуға;
- 5.32 Бекітілген тәртіппен кафедра қызметкерлерін жұмыс нәтижелері бойынша материалдық және моральдық қолдау көрсетуге ұсынуға;
- 5.33 Кафедра профессор-оқытушылар құрамының өзара сабаққа енуін, барлық сабақ түрлерінің сапасын қамтамасыз етуге.
- 6 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**
- Кафедра жауапты:
- 6.1 Кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және тәрбие жұмысының ұйымдастырылуының төмен деңгейіне;
- 6.2 Білім беру бағдарламасында көзделгеннен аз көлемде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға;
- 6.3 Кафедрамен бекітілген пәндер және білім беру бағыты бойынша мамандар даярлау сапасының төмендігіне;
- 6.4 Білім алушылар және кафедра қызметкерлерінің құқықтары мен академиялық бостандықтарының бұзылуына;
- 6.5 Қолданыстағы ҚР заңнамасы шегінде анықталған және осы ережеде қарастырылған кафедра қызметінің дұрыс орындалмауына;
- 6.6 Кафедра қарамағындағы ғимараттарда оқыту сабақтары кезінде студенттер мен кафедра қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігі қамтамасыз етілмесе;
- 6.7 Қажетті мәліметтің сенімділігі мен объективтілігіне;
- 6.8 Қаржылық, штаттық тәртіп, университет жарғысы және кафедра ережесі бұзылғанда;
- 6.9 Кафедраға басқару құқығына берілген құрал-жабдықтың сақталмауына;
- 6.10 ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамалары шегінде анықталған материалдық залал келтіргенде;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-38-24
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Кафедра		7 беттің 6-беті

6.11 ҚР қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамалары шегінде анықталған өз қызметін жүзеге асыру процесінде болған құқық бұзушылықтар үшін;

6.12 Кафедра қызметінің жағдайы мен нәтижелеріне.

7 ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

7.1 Кафедрасы өз қызметінде факультет деканына, оқу –әдістемелік жұмысы жөніндегі проректорға бағынады және олардың барлық ауызша не жазбаша түрде берген тапсырмаларын орындайды.

7.2 Кафедра оқу жұмысының нәтижесі бойынша деканға (оқу –әдістемелік жұмысы жөніндегі проректорға) есеп береді.

7.3 Кафедраға сапа менеджменті жүйесін ендіру стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімімен үйлестіріледі және бақыланады;

7.4 Кафедраның заңдық және құқықтық мәселелері университеттің заң қызметінің келісімімен шешіледі;

7.5 Кафедраның ұйымдастыру-шаруашылық қызметі шаруашылық департамент директорына бағынады.

7.6 Кафедра ұйымдастыру, жоспарлау, материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері бойынша университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен қарым қатынас жасайды.

КЕЛІСІЛДІ

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы

Ким И.С.

HR департаментінің директоры

Тулгабаева З.Т.

